



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №18 (1886) 15 МАМЫР 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Қаламгерге арналған конференция өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жазушы, қоғам қайраткері Рахметолла Райымқұловтың туғанына 110 жыл толуына арналған «Рахметолла Райымқұловтың әдеби мұрасы: көркемдік және ұлттық мінез» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.



Жиында жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Фибратты ғұмыр» атты сериялық кітабының және балаларға арналған «Сұр көбелек» кітабының салтанатты тұсау-сер рәсімі өтті. Іс-шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Қаламгерлер – Дулат Исабеков, Нұрлан Оразалин, Смағұл Елубай, Сауытбек Әбдірахманов, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Рахметолла Райымқұловтың қызы, Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының басшысы Ақтоты Райымқұлова, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты. Конференция барысында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқып берді. Хатта: «Рахметолла Райымқұлов – руханиятымыздың өркендеуіне зор үлес қосқан қаламгер. Жазушының шоқтығы биік шығармалары оқырман қауымның

жүрегіне жол тауып, лайықты бағасын алды. Сондай-ақ ол шетелдің классикалық туындыларын қазақ тіліне аударып, рухани мол мұра қалдырды. Қаламгердің еңбек жолы өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз», – делінген.

Жалғасы 2-бетте



**Ұлттық кадр даярлаудың ұйытқысы еді**  
3-бет



**Жасыл әлемнің қыр-сырын зерттеуші**  
4-бет



**Кузница казахстанской дипломатии**  
6-бет

## Ұлтқа қызмет еткен тұлғалар ұлықталды

Алматыда Қазақстан оқу-ағарту саласының жарқын ғұламасы, еліміздің руханияты мен мәдениетіне зор үлес қосқан көрнекті ғалым, әдебиеттанушы Шамғали Сарыбаевтың туғанына 130 жыл толуына орай, арнайы іс-шара ұйымдастырылды.



Шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, дипломат, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шара-

лары жөніндегі кеңесінің (АӨСШК) бас хатшысы Қайрат Сарыбай, ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Арман Жүдебаев, ҚР еңбек сіңірген

қайраткері Роза Рымбаева, зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Шамғали Сарыбаевтың ұрпақтары жиналды.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен кезекті ғылыми кеңесте білім беру бағдарламаларына білім алушыларды сапалы қабылдау және университет қызметкерлері үшін тұрғын үй салу мәселелері талқыланды.

21-23 тамыз аралығында – докторантура бойынша жүзеге асырылады. Сондай-ақ оқуға қабылдау 25 тамызға дейін бакалавриат,

## Оқуға қабылдауға дайындық пысықталды

Алдымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Наталья Ем баяндама жасады. Ол қазіргі таңда қабылдау комиссиясының хатшылығы құрылып, қабылдау науқанының күнтізбесі дайындалғанын алға тартты. Құжаттарды қабылдауды қамтамасыз ету үшін факультеттер бойынша техникалық хатшылардың тізімі бекітілді.

«16 мамыр – 5 шілде аралығында бакалавриат, 20 шілде – 10 тамыз аралығында магистратура, 4-20 тамызда докторантура бойынша Ұлттық бірыңғай



тестілеу қорытындылары шығарылады. Конкурсқа құжаттарды қабылдау 13-20 шілде аралығында – бакалавриат, 11-16 тамыз аралығында – магистратура,

28 тамызға дейін докторантура бойынша жүзеге асырылады», – деді жауапты хатшы.

Жалғасы 2-бетте



## Қаламгерге арналған конференция өтті

## Ұлтқа қызмет еткен тұлғалар ұлықталды

Соңы. Басы 1-бетте

Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев оқып берді. Хатта: «Шамғали Сарыбаев – ұлт руханиятына зор үлес қосқан ғабриятты ғалым, ұлағатты ұстаз. Ол қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымын жаңа белеске көтеріп, көптеген сүбелі еңбектер жазып, ана тіліміздің тынысын ашып, көкжиегін кеңейтті», – делінген.

Басқосуда көпшілік назарына Шамғали Сарыбаев туралы «Ғұлама» атты деректі фильмі көрсетілді.

Кейін ҚР ҰҒА академигі, профессор Шора Сарыбаев, Қазақ ұлттық музыка аспаптарын зерттеуші, профессор Болат Сарыбаев пен танымал сазгер, композитор Талғат Сарыбаевтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақта-



ның ашылу рәсімі өтті. Әр жылдары әулет өкілдері тұрған Абылай хан даңғылындағы №113 үйдің қабырғасына ескерткіш белгі орнатылды.

Ашылу рәсімінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев сөз сөйлеп, Шора, Болат және Талғат

Сарыбаевтар өз ісіне адал, әдебиет пен музыка өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан нағыз мамандар екенін атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған ҚР ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов ұлтқа қызмет еткен тұлғаларымыздың еңбектерін дәріптеп, насихаттау бүгінгі жастардың парызы екенін баса айтты.

Сондай-ақ жиында Шамғали Харесұлының шәкірттері, Шора Сарыбаевтың замандастары, қазақ эстрадасының жұлдызы Роза Рымбаева, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесінің (АӨСШК) бас хатшысы Қайрат Сарыбай сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Соңы. Басы 1-бетте

Сонымен қатар жиында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлінің, ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың құттықтау хаты оқылды.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Рахметолла Райымқұловтың еңбек жолына тоқталды.

«Рахметолла Райымқұловтың көптеген жас қаламгерге кеңесін айтып, жол нұсқап отырды. Бас-

шылық қызметте жүріп, әдеби шығармашылықпен айналысты. Қаламгердің есімі әдеби ортада, оқырман арасында кеңінен танылды», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесу соңында жазушының қызы Ақтоты Райымқұлова кешті ұйымдастырғаны үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ конференцияда Рахметолла Райымқұловқа арналған республикалық шығармашылық байқаудың жеңімпаздары анықталып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

## «Қазақ газеттерімен» ақпарат алмасуға уағдаласты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев «Қазақ газеттері» бас директорының орынбасары – Алматы филиалының басшысы Думан Анашпен кездесіп, алдағы уақытта атқарылатын ортақ жұмыстар мен ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

Ынтымақтастықтың мақсаты – ақпарат алмасуда бірлесіп жұмыс істеу, серіктестікке қарасты басылымдар және kazgazeta.kz ақпараттық портал оқырмандарының сұранысына жауап беретін сапалы ақпараттық-танымдық материалдар жариялау, өзара ақпараттық, консультативтік және әдістемелік қолдау көрсету.

Кездесу барысында құрметті меймандарға оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-

дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді.

Өз кезегінде Думан Анаш «Қазақ газеттеріне» қарасты басылымдарда жариялану бойынша ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері белсенді екенін баса айтты. Сондай-ақ өз сөзінде қонақ бүгінгі меморандум үлкен нәтижелерге бірлесіп қол жеткізуге сеп болатынын жеткізді.

Айта кетейік, «Қазақ газеттері» құрамына қазір 12 басылым кіреді. Олар: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Ана тілі», «Ақиқат», «Мысль», «Теңге монитор», «Ұйғыр авазы», «Үркер», «Ақжелкен», «Балдырған», «Ұлан», «Дружные ребята» басылымдары.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

## Оқуға қабылдауға дайындық пысықталды

Соңы. Басы 1-бетте

Сонымен қатар баяндамада білім алушылар контингентінің сапасы мен қарқыны, ҚазҰУ-ға түсу үшін шекті балдардың мандықтар бойынша жоспарлы мәндері мен өзгеру барысы ұсынылды. Биыл әскерде қызмет еткен қазақстандықтар ҰБТ-дан өтпей-ақ жоғары оқу орындарына түсе алады. Осыған байланысты университет басшысы оларды қабылдауға дайындық бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев факультет басшыларына 2022-2023 оқу жылы контингентіне сандық және сапалық талдау жасауды тапсырды. Сонымен қатар ректор қабылдау науқаны шеңберінде жұмысты жандан-



дыру, факультеттердің кәсіптік бағдарлау іс-шараларының жоспарын ұсыну, қабылдау комиссиясының үздіксіз жұмысын техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету, оқуға түсушілер контингентінің сапасын арттыру мақсатында «Алтын белгі» иегерлері және республикалық олимпиадалардың

жеңімпаздарымен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу және студенттердің жазғы демалысын ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін баса айтты.

Сондай-ақ жиында университет қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының өкілі Дәулетбай Рысқалиев ОПК және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына конкурс өткізу мерзімі туралы айтып берді. Бұған қоса, кәсіподақ өкілі Ғылыми кеңес қатысушыларын университет қызметкерлері үшін тұрғын үй салу мәселелеріне қатысты ұжымдық шарт тараптарының бірлескен қызметімен таныстырды.

Света ӨМІРФАЛИЕВА





# Ұлттық кадр даярлаудың ұйытқысы еді

Дипломатияның және біздің ғылым мен білім тарихында өз есімін алтын әріппен жазып кеткен адамның бірі Төлеген Тәжібаев еді. 2020 жылы осы ұлы адамның 110 жылдық мерейтойын сол кездегі пандемияға байланысты ойдағыдай атап өте алмадық.

Мемлекет қайраткері, психология ғылымының докторы, профессор, академик Т.Тәжібаев 1948-53 жылдары Қазақ университетінің ректоры болған еді. Ол сондай-ақ 1944-57 жылдары ҚазКСР Сыртқы істер министрі лауазымды қызметін атқарды. Оның Қазақ еліне жасаған игілікті істері ұшан-теңіз десек, артық айтқандық емес.



трлігіне қарасты Жоғары дипломатия мектебіне (ВДШ) Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті бюросының шешімімен 11 адамды оқуға жібереді. Олардың бесеуі Жоғары партия мектебінің Дипломатиялық бөлімінде оқыған. Сол білімді дипломаттар ҚазКСР Халық комиссариатының сыртқы істер бөлімінде қызмет етті.

Төлеген Тәжібайұлы маман даярлауға, соның ішінде ұлттық кадрларды даярлауға өмір бойы белсене араласты. 1945 жылы Жоғары дипломатия мектебіне үш адам, Халықаралық қатынастар (МГИМО) институтына да үш адамды оқуға жібереді. Соның бірі Мәлік Фазылов еді. Мәлік Сабырұлы – Т.Тәжібаев даярлаған дипломаттардың арасындағы ең көрнектісі. Ол 1951 жылы МГИМО-ны бітірген соң, Қазақ КСР министрлігінде Т.Тәжібаевтың бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Жетпісінші жылдардың басында азғана уақыт Қазақстанда сыртқы істер министрі болды. Өмір бойы Африка (Марокко, Мали) елдерінде Кеңес Одағының елшісі қызметін атқар-

ды. Қазір оның немересі Францияда төтенше және өкілетті елші. Ал немере қызы МГИМО-ны үздік бітірген дипломат, Мәскеудегі елшілікте қызмет атқаруда (Т.Тәжібаевтың Фазыловтан кейінгі көмекшісі Нұрулла Сағындықов болған екен).

Дипломат, генерал-полковник Т.Тәжібаев сыртқы істер қызметінде жүріп, 1950 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымында алғаш рет ағылшын тілінде сөйлеген қазақ баласы. Кейінірек қайраткер тұлға 1956-57 жылдары сол жерде бірнеше рет баяндама жасаған. Оның жағымды қоңыр дауысы әлі күнге дейін сақталған, рақаттанып тыңдауға болады.

Жоғарыда аты аталған Мәскеу ЖОО-ларында мемлекет қайраткерлерінің қамқорлығы арқасында 30-дан аса адам оқып шығып, белгілі дипломат қазақ аталды. Олардың қатарында Д.Исмағұлов, Ж.Тналин, А.Туғанбаевтар Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде, ал Кеңес Одағының Ирандағы елшілігінде С.Ділдәбеков, Суданда К.Баймұратов, Венгрияда С.Раймбеков сынды дипломаттар қызмет етті.

Төлеген Тәжібайұлы Қазақ КСР сыртқы істер министрі қызметін атқара жүріп, 1948-53 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды. Ол көптеген ғалымдарды тәрбиеледі. Солардың қатарында Қ.Жарықбаев, Ж.Түркіпұллы сияқты шәкірттерін ерекше атап өтуге міндеттіміз.

Т.Тәжібаевты танитын адамдардың қайсысы болса да, ол кісі туралы тебіреніп естеліктер айтады. Көп естелік айтқандардың ішінде ф.ғ.д., профессор Ғұбайдулла Айдаров пен профессор Жұмаш Ешмұратов болды. Ауыл мектебінде мұғалім болып жүрген жерінен ҚазМУ-ға шақырып алып, аспирант етіп қабылдағаны туралы Ф.Айдаров былай деп еске алған еді: «Ол ерекше бауырмал

және өте іскер профессор екен. Бірнеше кездесуден соң, «Айналайын, қолыңнан іс келетін, жаза білетін бала екенсің. Сен сияқты ғылымға икемі бар дарынды қазақ балалары аз. Сен бізге қажетсің. Маған аспирант болып кел. Алғашқы кезде материалдық қиындық болмайды емес, болады. Өйткені аспиранттың стипендиясы көп емес. Ал сен ауылда мұғалімнің жетіспеушілігінен бір емес, екі ставка сабақ бересің. Завуч, директор боласың, қысқасы, жағдайың жақсы. Қиыншылық болмай қоймайды. Әрине, өзім көмектесем, аздап сағат бөліп, лекция оқытармыз. Бес жыл соғыста болып, талай тауқыметті көрген ер жігітсің ғой, шыдайсың», – деп, мені аспирантураға алды», – деп ерекше тебіреніп айтқан талай әңгімелерін тыңдадық.

Ал Ф.Айдаровтың түркі руникалық жазуының маманы болғаны белгілі. Тоғыз баланың әкесі, ф.ғ.д., профессор Ф.Айдаровтың «Ең көлмаса бір баламды Төлеген Тәжібаев ұстазым секілді дипломат етсем» деген арманы Қазақстан егемендік алған жылдары жүзеге асты. Оның бір баласы, Наурыз Айдаров – дипломат.

Шәкірті көп ғалым бақытты болса, Төлеген Тәжібаев атамыз бақытты шығар. Әрине, көбі орындалмай, арманда кетті. 1964 жылы Мәскеуде операциядан қайтыс болмағанда, бәлкім, Қазақстанның тәуелсіздігін көрер ме еді... Қорыта айтқанда, Төлеген Тәжібаев бауырын жазып кесіле шаба алмаған тұлпар сияқты дүниеден жарқ етіп өте шыққан ұстазымыз еді...

**Самат ӨТЕНИЯЗОВ,**

*Т.Тәжібаев атындағы этно-психология оқу-зерттеу орталығының атқарушы директоры, т.ғ.к.*

## Баспагердің баянды ісі айтылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасында жазушы, журналист, аудармашы, баспагер Серік Әбдірайымұлының туғанына 80 жыл толуына орай, «Баспасөз бен баспа ісінің заманауи тенденциялары: дәстүр мен жаңашылдық» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Серік Әбдірайымұлы 1974 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде студенттерге дәріс оқыды. Оқытушылық қызметпен қатар, шығармашылық жолда үлкен табыстарға жетті. Қазақстандағы баспа ісінің дамуына ықпал жасап, ірі баспагер ретінде танылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» баспасының негізінде

90-жылдары «Санат» баспасын құрды.

Іс-шарада жазушы, баспагерлер – Бексұлтан Нұржекеұлы мен Кәдірбек Сегізбай, Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалаири, жазушы Зейнеп Ахметова, ҚР ҰҒА академигі Бақытжан Әбдірайым, Қазақстан Журналистер академиясының президенті, профессор Сағымбай Қозыбаев, профессор Қансейіт Әбдәзұлы сөз сөйлеп, баяндама жасады. Конференция аясында С.Әбдірайымұлына арналған кітап көрмесі және «Өмірдің үзік сырлары» атты фотокөрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ С.Әбдірайымның өмірі мен шығармашылығына арналған «Ғибратты ғұмыр» атты кітаптың тұсаукесері өтті.

Іс-шара соңында «Серік Әбдірайымов оқуларының» жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

Конференцияда филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев

С.Әбдірайымовтың қызметі мен шығармашылығы жайында мазмұнды баяндама жасады.





# Жасыл әлемнің қыр-сырын зерттеуші

**Көшбасшы университетімізде білікті мамандар аз емес. Солардың арасында көпшілікке үлгі болатын өз ісінің майталмандары жетіп-артылады. Соңдай кәсіби маманның бірегейі – биология және биотехнология факультеті Биоалуантүрлік және биоресурстар кафедрасының ұлағатты ұстазы, көрнекті ғалым, тек ботаника саласында ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның білім беру ісінде де танымал, биология ғылымының кандидаты, доцент Әбибулла Әметов.**



XX ғасырдың 60-жылдары сол кездегі елдегі жалғыз университетте терең білім алуға талпынған қазақ жастары көп болды. Әбибулла Әметұлы жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып оқуға қабылданды. 1967 жылы «Ботаника» мамандығы бойынша оқу ордасын аяқтады. Ауылдан келген жас жігітке алғашқы кезде сабақ біраз қиыншылық туғызғаны да анық. Өйткені ол кезде көптеген пәндерден қазақтілді мамандар жоқтың қасы еді. Алдына үлкен мақсат қойған Әбибулла барлық ауыртпашылықты жеңіп оқу озаты атанды, тіпті сабақтан қолы бос кезде ғылыми жұмыстармен де айналысып, жасыл әлемнің қыры мен сырын зерттеуге бел буды.

Болашақ академик ҰҒА-ның вице-президенті болған, Одақ көлемінде ризология ғылымын дамытуға үлкен үлес қосқан Иса Байтулиннің ұсынысымен өсімдіктің маңызды органдарының бірі – тамыр жүйесін зерттеуді қолға алды. Осы салада Әбибулла Әметұлы Қазақстанның ботаника

ғылымының дамуына ерекше үлес қосты. Кәсіби маман болып шығуына өзі білім алған университеттегі ұстаздарының еңбегі, өзінің жаңалыққа деген талпынысы зор болды. 1968-1971 жж. Ботаника кафедрасының аспиранты атанды. 1974 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады.

Әбибулла Әметұлы 1981 жылы факультет басшылығы педагогикалық жұмысқа шақырды. Ұзақ уақыт биология факультетінің Ботаника кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор міндетін атқарушы ретінде қызмет атқарып келеді.

Көрнекті ғалымның қаламынан туған жүздеген ғылыми еңбегі бір төбе де, орта мектепке және жоғары оқу орындарына арнап жазған «Ботаника» оқулықтарының өзі бір төбе. Оған дәлел – ЖОО-ға арнап жазған оқулықтың бірнеше мәрте баспадан шығуы. Сонымен қатар Әбибулла ағамыздың әрі әріптесіміздің жетекшілігімен қаншама бакалавр, магистранттар дипломдық

көшімдерін беріп бергенін көрсетпей ме?

Әбибулла Әметұлы кафедрада 40 жылдан астам еңбек етуде. Көрнекті ғалым әрі ұлағатты ұстаз 200-ден астам ғылыми жұмыстың авторы, оның ішінде 2 монография, 7 оқулық, 10 оқу құралы, «Өсімдіктер систематикасы» бойынша (қазақ және орыс тілдерінде) екі тест тапсырма жиынтығы жарық көрді.

Ол әріптестеріне, шәкірттеріне, білім алушыларға көмегін еш уақытта аямайтын, ақыл-кеңес беруден жалықпайтын, кез келген жағдайда қол ұшын беруге дайын тұратын нағыз азамат. Осы кезде Уильям Уордтың «Жай мұғалім айтады, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген сөзі еріксіз еске түседі. Осы сөздің соңғы екеуі әріптесіміздің табиғатын ашып тұр десек, артық болмайды. Өйткені осы екі қасиеттің екеуін де Ә.Әметұлының бойынан әр уақытта табуға болады.

Зерделі ғалымның жетекшілігімен бір кандидаттық, бір PhD ғылыми дәреже алуға арналған диссертация қорғалды. Қазір «8D051808 – Геоботаника» мамандығы бойынша 4 PhD докто-

рант дайындау үстінде. Ұлағатты ұстаз докторанттарға «Жергілікті флора», «Өсімдіктер интродукциясы», «Геоботаниканың өзекті мәселелері», «Өсімдіктер географиясы», «Индикациялық геоботаника» және т.б. курстардан дәріс оқиды. Әбибулла Әметұлы ботаника және геоботаника саласындағы өзекті мәселелерді шешуде «Биологические особенности, современное состояние и охрана ценопопуляций некоторых редких видов растений Алматинской области» (2011-2014 жж.), «Ботанические исследования некоторых перспективных видов из семейства Polygonaceae Juss. (род Polygonum L.) местной флоры» (2012-2014 жж.), «Оценка состояния ценопопуляций некоторых редких, лекарственных видов растений Заилийского Алатау с использованием ботанических и молекулярно-генетических методов» (2015-2017 жж.) ғылыми жобаларына жетекшілік етті.

Әбибулла Әметұлы – адамгершілігі мол, білімпаз, отаншыл, ұлтжанды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін, қазақша айтқанда: «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат. Өте әңгімешіл. Елдің тарихы мен дәстүрін терең білуші, көсемсөздің қас шебері, шежіреші.

**Бірлікбай ЕСЖАНОВ,**

*б.ғ.к., доцент  
Әсел ЧИЛДІБАЕВА,  
PhD, аға оқытушы*

**ҚазҰУ Қытайдың жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас жасауды жолға қойды. Бүгінгі таңда университет ҚХР-дың 43 жоғары оқу орнымен серіктестік орнатты. Қарым-қатынастың мақсаты – ел аралық, университетаралық білім, ғылым ынтымақтастығын дамыту.**

## Қытай жастары қазақ тілін үйренуге құлықты

алғашқы курста бірінші шет тілі ретінде тек орыс тілін оқыса, екінші курстан бастап қазақ тілін екінші шет тілі ретінде меңгеруді бастайды.

2021/22 оқу жылы пандемияға байланысты студенттер қазақ тілін үйренуді онлайн бастауға мәжбүр болды. Ал 2022/23 оқу жылы жеті студент Қазақстанға келіп, ҚазҰУ-дың жатақханасында тұрып, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде қазақ тілін меңгеруді жалғастыру үшін бар күшін салып кірісті. Оқып жатқан студенттердің тілге деген құлшынысы жақсы. Олардың қазақ тіліне деген ерекше құрметін байқаймыз.

Алыс-жақын мемлекеттерді, ондағы халықтың болмысын, мәдениетін, қоғамдық қарым-



қатынасын, әлеуметтік әдеби, саяси-экономикалық бағытының негізін сол елдің ұлттық тілін меңгеру арқылы танып-білу қашанда тиімді. Мағжан Жұмабаев «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады» деді емес пе?! Тіл – ұлттың тірегі.

Студенттер дәрісханадағы оқу-білімнен басқа, тілді білудің, халықты танудың басқа жағдайларын қалт жібермей, белсенді өмірді ұстанады. Оқудан тыс уақытта мұражайларға барып, ондағы экспонаттарды зерттеп, орысша, қазақша атауларын қатар жаттайды. Тілді терең түсінбесе де, Алматы театрларына баруды да әдетке айналдырған.



Алматы көшелерін, саябақтарын, сауда орталықтарын аралағанда көрген, білген қызықтарын айтып, түсінбеген жағдайларын үнемі сұрап отырады. Тіпті ет асуды,

палау пісіруді де қызық көріп, үйреніп алған.

Студенттер факультеттің өміріне де белсенд араласуды көздейді. Халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, қызықты баяндамалар жасап жүр. Таңдап алған тақырыптарына қарап, студенттердің қызығушылық аясының кеңдігін байқауға болады. Олар екі ел арасындағы су ресурстары, тіл саясаты, теміржол қатынасы, ұлттық әдет-ғұрып, қазіргі интернет-сауда сияқты тақырыптарды қазақ тілінде баяндап, мазмұнын ашуға тырысты. Сондай-ақ шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы жыл сайын ұйымдастыратын қазақ және орыс тілдері олимпиадасына қатысып, өздері туралы видеороликтер жасап, жүлделі орындарға ие болды.

Бір айта кетерлігі, Қытай Халық Республикасындағы Қазақстан елшілігі Наурыз мерекесіне байланысты Қытайдың төрт ЖОО-сы арасында ұйымдастырған қазақ тілінде мәнерлеп оқу мен елтану байқауында Хуан Юйсинь бас жүлдені, Фэн Сяо үшінші орынды жеңіп алды.

Бұл студенттер – болашақтағы екі ел арасындағы елшілер. Олар алған білімін болашақта екі елдің игілігі үшін жұмсайды деп сенеміз.

**Гүлбағиша МҰСАЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті

Осындай оқу орындарының бірі – Бейжің шет тілдер университеті. Бұл университетте төрт жылда бір рет он шақты талапкерді қазақ тілін екінші шет тілі ретінде үйрену үшін оқуға қабылдайды. 2016 жылдан бері Бейжің шет тілдер университетінде екінші топ түлек қазақ тілін үйреніп жатыр. Бейжің шет тілдер университетіне түскен студенттер







Жас ғалым Гүлжанат Танабекованың ғылымда қол жеткізген табысына қарап осылай деуге негіз бар. Ол 2009 жылы «5B060800 – Экология» мамандығы бойынша ҚазҰУ-ға оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен аяқтап шықты. Ғалым болар жасты зейінен-ақ тануға болады. Гүлжанат Бақытқызы сабақты үздік оқып қана қоймай, ғылымға икемі барын аңғартты.

## Ғылымға икемділік студенттік шақтан қалыптасады



Бакалавриатта оқып жүрген кезінде студенттер арасындағы байқаулар мен жобаларға қатысып, жеңімпаз атанып жүрді. Талапты студенттің оқуын одан әрі жалғастыратыны анық еді. «6B060800 – Экология» мамандығының магистратурасына грантқа түсіп, оны да үздік аяқтады. Осы кезде қызметке де араласа бастады. 2017-20 жылдар аралығында «6D060800 – Экология» мамандығының докторантурасында оқыды. Араға екі жыл салып докторлық диссертациясын сәтті қорғап, философия ғылым докторы (PhD) дәрежесін иеленді. Сондай-ақ осы жылы Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Жас ғалым» жобасын ұтып алды. Одан кейін Зоология институтының постдокторантурасына түсіп, зерттеу жұмысын жалғастыруға мүмкіндік алды. Қазіргі таңда 40-тан астам ғылыми мақала жариялады. Сондай-ақ бір оқу-әдістемелік құрал жазып, бір авторлық куәлік алды.

Гүлжанат Бақытқызы – ізденімпаз жас ғалым. Қазақ халқының даналығында «Ізденген жетер мұратқа» деген қанатты сөз бар. «Ғалым адам еңбектенуді жақсы көріп, сергек жүруі керек. Жалқау адамнан ғалым шықпайды», – дейді ол. Өзінің зерттеп жүрген тақырыбымен жарқ етіп көрінген жас талап алғашқы белестерді бағындыра бастады. Көп ұзамай-ақ «Үздік жас ғалым – 2021» атанып, арнайы төсбелгі және I дәрежелі дипломмен марапатталды. Оның кеудесінде «Қоғам көшбасшысы – 2021» төсбелгісі де жарқырайды. Бір жылдан соң жас ғалым ТМД-ның «100 жаңа тұлға – 2022» жобасының жеңімпазы атанды. Бұл байқауды жалпыұлттық қозғалыс саналатын «Бөбек» қауымдастығының заңды тұлғалар бірлестігі ұйымдастырды. Гүлжанат Бақытқызының жетістіктері ТМД-ның «100 жаңа тұлға – 2022» талантты көшбасшылардың халықаралық энциклопедиясының 1-кітап жинағында жарияланған.

Қазір тіл білетін жастардың заманы. Тіл – білімнің қайнар көзі. Мұны түсінген жас буын шет тілдерін үйренуге ұмтылады. Көп тіл меңгеруді мақсат еткен Гүлжанат замандасымыз қазір төрт тілде (қазақ, орыс, ағылшын, түрік) еркін сөйлеп, жазады. Ағылшын тілі бойынша сертификаттарының (IELTS – 5.5, TOEFL ITP – 467) көрсеткіші жоғары.

Жас ғалым еңбек жолын университеттен бастағанын жоғарыда атап өттік. 2019 жылдан бастап аға оқытушылық қызмет атқарып келеді. Ол «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» атты халықаралық жастар конференциясының тұрақты ұйымдастырушысы. Сонымен қатар қазақстандық және шетелдік жастармен ақпарат алмасатын платформаның <https://greenbridgework.kaznu.kz/> сайты үш тілде жүргізді. «Қазақстанның жоғары оқу орындарына «жасыл» кеңселерді енгізу» (2014-15 жж.) жобасына және «I-WEB Су айналымын интеграциялық басқару: білім және бизнес саласындағы дамыту» (2016 ж.), «Тянь-Шань жабайы алмалы ормандарының экологиялық менедж-

**Тұрсынкүл БАЗАРБАЕВА,**  
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті

**Әйгерім КЕРІМҚҰЛОВА,**  
аға оқытушы

## Ұстаздық жолда тынбай еңбектеніп келеді

«Даңқ пен абыройға кенелуімде мен бір адамға қарыздармын, ол – ұстазым», – деп атақты Аристотель бас иген ұстаз қай заманда да ұлы тұлға болған. Менің түсінігімде, ұстаз дегеніміз – басқаның ойына қозғау сала білетін тылсым күш иесі. Мен білетін осындай ғаламат күш иесінің бірі – ұлағатты ұстаз, ғалым Раушан Авакова. Мен Раушан апайды докторантураға оқуға түскен кезімнен бері ғалым, ұстаз ретінде танып, араластым. Өзіне ғана тән асау мінезі, ерекше қасиетімен тәлімгерін баурап алатын ұстазыма жылы сөз арнауды өзіме шәкірттік парыз деп санаймын.



Осы жерде Раушан Амрдинқызының қазақ ғылымына сіңірген еңбегіне азкем тоқталғым келеді. Өйткені менің көз алдымда ұстазым кенжелеп қалған қазақ түркологиясын қалайда көшке қосамын деп талпынып жүрген жанкешті ғалым, қамқор ұстаз.

Қазақ ғылымының аты алтын әріппен жазылған ғалымдарының бірі Алтай Аманжоловтың шәкірті болудың салмағы мен жауапкершілігін жақсы түсінген Р.Авакованың қаламынан туған ғылыми еңбектер қазақ түркологиясына үлкен үлес қосты. «Түркі филологиясына кіріспе» атты оқулығы түркітану мамандығы бойынша ғылыми жоғары білім алғысы келетін талай магистрант, докторантқа бағдар беріп, жол көрсеткен компас-кітап болғаны да жасырын емес. Ғылым жолында аянбай еңбек етіп жүрген ғалым көптеген кітаптар мен мақалалардың авторы. Түркология

саласында тынбай еңбек етіп, ғылымның қыр-сырын шәкіртіне үйретуден жалықпаған жан.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деп дана халқымыз айтпақшы, Түркітанушы-ғалым Раушан Авакованың Қазақ ұлттық университетінде «Түркітану» бөлімін алғаш ашып, түркітану мамандығының іргетасын қалағанын баса айтқым келеді. Өз басым ғалымды ұлылар ізін жалғастырып жүрген ұлағатты ұстаз деп құрметтеймін. Өйткені ол талай талантты түркітанушы ғалымдарды баулып, ұясын ұшырған филология факультетіне «Түркітану» мамандығын енгізіп, қазақ түркітануын тұғырға қондырғанмен бірдей үлкен іс атқарды.

Қазақ түркітануының дамуы үшін аянбай еңбек етіп жүрген ғалымның «Контактология: түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке ықпалы» атты монографиясы ғылым

жолындағы үлкен ізденісінің жемісі. Еңбекте қазіргі заманғы өркениеттану классификаторында «түркілік өркениет» ұғымының болмауы себептері талданып, оны енгізудің ғылыми концепциясы мен көзқарасы беріледі. Сондай-ақ түркі тілдерінің әлемдік тілдерге, оның ішінде еуропалық, шығыстық тілдерге, тіл арқылы ол елдердің әдебиетіне, мәдениетіне, ғылымына, жалпы әлем өркениетіне тікелей әсері жан-жақты талданып, ғылыми дәйектермен дәлелденген. Ғалым еңбегі «Түркі әлемі – тарихтың сұрлеулі соқпағында әлемдік тарихқа, мәдениет пен өркениеттің туына негіз болған бірегей әлем» деп, түркі әлеміне шынайы бағасын беруімен де құнды.

**Шынарай БҮРКІТБАЕВА,**  
Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері

## Тұрақты даму мәселесі талқыланды

**Экономика және бизнес жоғары мектебі Бизнес технологиялар кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстанның тұрақты дамуы 17 мақсатының әлеуметтік-экономикалық құрамдастары» тақырыбымен студенттердің арасында талқы өтті.**



ситетінің студенттері де қатысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Тұрақты дамудың негізі – жастардың заманауи көзқарасы. Студенттер өз сөзінде Қазақстанның тұрақты дамуы жолындағы тың мәселелерді көтерді. Атап айтқанда: ауыл шаруашылығын дамыту проблемалары, азық-түлік қауіпсіздігі және халықты жұмыспен қамту мәселелері терең талқыға

түсті. Іс-шара барысында студенттер осы тақырыптар аясында пікір алмасып, ой-ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар болашақта тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру туралы шешім қабылдады.

**Мәдина БЕЙСЕНОВА,**  
